

Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тың ядролық отынның транзитіне рұқсат беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 шілдедегі N 842 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. 2002 жылғы 9 ақпандағы N 860/45046040/02/08-20/1 келісім-шартқа сәйкес Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының ядролық физика институты (Ташкент қаласы, Өзбекстан Республикасы) үшін "ТВЭЛ" ашық акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы) қосымшаға сай номенклатурасы мен саны бойынша беретін тың ядролық отынның Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тың ядролық отынның транзитін бақылауды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

ҚОСЫМША

**Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының ядролық институты
(Ташкент қаласы, Өзбекстан Республикасы) үшін "ТВЭЛ" ашық
акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы)
беретін тауарлар саны**

P/c N	Тауардың атауы	СЭҚ ТН коды	Өлшем бірлігі	Саны	АҚШ доллары. мен бірлік	АҚШ доллары. мен құны бағасы
1.	Жылу бөлгіш	8401300000	дана қ ұ р а м а И Р Т - 3 М 0 0 1 9 . 0 9 . 0 0 . 0 0 0)	35	12840	449400
Жиыны:				35	12840	449400

Жөнелту пункті: Новосибирск қаласы (Ресей Федерациясы).
Баратын пункті: Ташкент қаласы (Өзбекстан Республикасы).
Әуе көлігімен жылжу бағыты: Новосибирск - Қарағанды - Ташкент.